| iii  | Условия Поставки;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Жеткізу талаптары;                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 10.7 | Упаковка:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Қаптамасы:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| a)   | Все Товары должны быть упакованы, промаркированы, задокументированы и транспортированы так, как указано в Условиях Поставки, настоящей Статье 10 и Инструкциях Покупателя по упаковке, маркировке и отгрузке, изложенных в Приложении-инструкции 7 («Инструкции РМ&S»), и в соответствии с правилами транспортировки, упаковки и маркировки, а также наилучшими методами, принятыми в промышленности, которые применимы к Поставке, в том числе во время перевозки, и, если применимо, требованиям, предъявляемыми к транспортировке Опасных материалов. Транспортируемые грузы должны быть, насколько это возможно, уложены в поддоны и/или упакованы в контейнеры; | Барлық Тауарлар Жеткізу талаптарында, осы 10-бапта және 7-қосымша-нұсқаулықта («РМ&S нұсқаулықтары») көрсетілген орау, таңбалау және жөнелту жөніндегі Сатып алушының Нұсқаулықтарында және тасымалдау, буып-түю және таңбалау ережелеріне, сондай-ақ өнеркәсіпте қабылданған, Жеткізуге, оның ішінде тасымалдау кезінде қолданылатын ең жақсы әдістерге және егер қолданылса, Қауіпті материалдарды тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес буып-түйілуі, таңбаланы, құжатталуы және тасымалдануы тиіс. Тасымалданатын жүктер мүмкіндігінше табандықтарға салынуы және/немесе контейнерлерге салынуы тиіс; |
| b)   | Поставщик обязан обеспечить адекватную защиту Товаров от повреждения и разрушения во время транспортировки и кратковременного хранения, должным образом учитывая условия и обстановку на Рабочей Площадке или в другом                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Жеткізуші Жұмыс алаңындағы немесе Жеткізудің басқа орнындағы және Тауарлар тасымалданатын аумақтардағы талаптар мен жағдайды тиісті түрде ескере отырып, тасымалдау және қысқа мерзімді сақтау кезінде тауарларды бүлінуден және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |



|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|      | Пункте Поставки и на территориях, через которые будут транспортироваться Товары, при этом условия и обстановка включают климат, дороги и необходимость многократной перегрузки (механизированной или иной).                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | бұзылудан сақтауды қамтамасыз етуге міндетті, бұл ретте талаптар мен жағдайға сақталатын жердің климаты, жолдар және бірнеше мәрте қайта тиеу (механикаландырылған немесе өзге) қажеттілігі кіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| c)   | При упаковке, маркировке и транспортировке товаров, Поставщик должен соблюдать применимые внутри-государственные Законы касательно транспортировки Товаров и обеспечения безопасности, охраны здоровья и защиты окружающей среды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Тауарларды буып-түю, таңбалау және тасымалдау кезінде Жеткізуші Тауарларды тасымалдауға және қауіпсіздікті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге қатысты қолданылатын ішкі мемлекеттік Заңдарды сақтауы тиіс.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| d)   | Все расходы, включая обратный фрахт за товары, возвращаемые Поставщику (например, опорные подставки, валики или транспортировочные скобы), включены в Сумму, и Поставщик несет ответственность за организацию возможного возврата таких товаров.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Жеткізушіге қайтарылатын Тауарлар үшін кері жалдау ақысын қоса алғанда, барлық шығындар (мысалы, тірек тұғырықтары, аунақшалар немесе тасымалдау қапсырмалары) Сомаға қосылады және Жеткізуші осындай тауарлардың ықтимал қайтарылуын ұйымдастыру үшін жауап береді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| e)   | Поставщик несет ответственность за все повреждения, утерю или уничтожение любых Товаров, а также за любую утерю, повреждение или уничтожение любых других товаров или имущества, возникших в результате ненадлежащей упаковки или обращения с ними со стороны Поставщика. Вся упаковка должна быть специально предназначена для перевозки по дорогам с неровным покрытием и рассчитана на соответствующую механическую погрузку.                                                                                                                                                                                                 | Жеткізуші кез келген тауарлардың барлық зақымданғаны, жоғалғаны немесе жойылғаны үшін, сондай-ақ Жеткізуші тарапынан дұрыс буып-түйілмеу немесе олармен жұмыс істеу нәтижесінде туындаған кез келген басқа тауарлардың немесе мүліктің кез келген жоғалғаны, бүлінгені немесе жойылғаны үшін жауап береді. Барлық қаптама тегіс емес жабыны бар жолдармен тасымалдауға арналған және тиісті механикалық салмақтың түсуіне арналған болуы керек.                                                                                                                                                                                                    |
| f)   | Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы по пошлинам, складированию, демереджу, штрафам и/или неустойкам, возникающим в результате несоблюдения Поставщиком надлежащих процедур упаковки, маркировки и транспортировки, а также Инструкций РМ&S, даже если такое несоблюдение не приведет к задержке доставки Товара. Поставщик должен возместить Покупателю любые дополнительные расходы, возникшие в результате ошибок в весах или измерениях, а также за потери и ущерб, вызванные неисправной или недостаточной упаковкой, включая, без ограничений, штрафы и дополнительные расходы по пошлинам. | Жеткізуші Сатып алушыға Жеткізушінің буып-түю, таңбалау және тасымалдаудың тиісті рәсімдерін, сондай-ақ РМ&S нұсқаулықтарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын баждар, жинау, демередж, айыппұлдар және/немесе тұрақсыздық айыбы бойынша кез келген қосымша шығыстарды, тіпті егер мұндай сақтамау Тауарды жеткізуді кешіктірмеуге әкеп соқпаса да өтеуі тиіс. Жеткізуші Сатып алушыға таразылардағы немесе өлшеулердегі қателер нәтижесінде туындаған, сондай-ақ жарамсыз немесе жеткіліксіз қаптамадан туындаған шығындар мен залал үшін, айыппұлдар мен баждар бойынша қосымша шығыстарды қоса алғанда, кез келген қосымша шығыстарды өтеуі тиіс. |
| g)   | За исключением поставок на условиях DDP, CIP, DAP и DPU, Поставщик несет ответственность за любое отклонение расходов по перевозке от установленной суммы, возникающее в связи с тем, что он не следовал какой-либо инструкции о транспортировке, указанной в Договоре Поставки, или не информировал Покупателя о сроках прибытия груза; и                                                                                                                                                                                                                                                                                       | DDP, CIP, DAP және DPU талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Жеткізуші Жеткізу шартында көрсетілген тасымалдау туралы қандай да бір нұсқаулықты сақтамауына немесе Сатып алушыға жүктің келу мерзімдері туралы хабарламауына байланысты тасымалдау бойынша шығыстардың белгіленген сомадан кез келген ауытқуына жауап береді; және                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| h)   | За исключением поставок на условиях DDP, Покупатель и Поставщик должны помогать друг другу в получении документов и другой информации, необходимой для предъявления претензий к грузоперевозчикам.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | DDP талаптары бойынша жеткізілімдерді қоспағанда, Сатып алушы мен Жеткізуші бір-біріне Жүк тасымалдаушыларға талап қою үшін қажетті құжаттар мен басқа да ақпаратты алуға көмектесуі керек.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| i)   | Поставщик несет единоличную ответственность за передачу инструкций по Упаковке, Маркировке и Отгрузке любому привлеченному им Субпоставщику.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Жеткізуші өзі жұмылдырған кез келген Қосалқы мердігерге Қаптау, Таңбалау және Жөнелту жөніндегі нұсқаулықты беру үшін жеке-дара жауап береді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 10.8 | Опасные материалы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | Қауіпті материалдар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| a)   | В соответствии с настоящим Договором Поставки, «Опасные материалы» означает любое вещество, которое, согласно Законом, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Осы Жеткізу шартына сәйкес «Қауіпті материалдар» Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| b)   | В соответствии с настоящим Договором Поставки, «Опасные материалы» означает любое вещество, которое, согласно Законом, считается опасным или токсичным, либо подлежит или может подлежать обезвреживанию/ восстановлению, включая:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Осы Жеткізу шартына сәйкес «Қауіпті материалдар» Заңдарға сәйкес қауіпті немесе уытты болып саналатын немесе залалсыздандыруға/ қалпына келтіруге жататын немесе жатуы мүмкін кез келген затты білдіреді, соның ішінде:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| i    | любую нефть или нефтепродукты, радиоактивные вещества, асбест в любой сыпучей или моющей стать сыпучей форме, мочевино-формальдегидную пенопластовую изоляцию, трансформаторы или другое оборудование, содержащее диэлектрическую жидкость, имеющую в своем составе полихлордифенилы, процессы, а также определенные системы охлаждения, использующие хлорфторуглероды;                                                                                                                                                                                                                                                          | кез келген мұнай немесе мұнай өнімдері, радиоактивті материалдар, кез келген сусымалы немесе сусымалы түрге айналуы мүмкін асбест, зертасформальдегидті пенопласт оқшауламасы, трансформаторлар немесе өзінің құрамында полихлордифенилдер бар диэлектрик сұйықтығы бар басқа да жабдықтар, сондай-ақ хлорфторкөміртектерді пайдаланатын белгілі бір салқындату жүйелері;                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| ii   | любые химикаты, материалы или вещества, которые на дату заключения настоящего Договора Поставки и/или в будущем определяются или включаются в определение как «опасные вещества», «опасные отходы», «опасные материалы», «чрезвычайно опасные отходы», «опасные отходы ограниченного использования», «токсические вещества», «токсические загрязнители», «опасные грузы» или любые другие слова аналогичного содержания в соответствии с Законами, или                                                                                                                                                                           | осы Жеткізу шартын жасау күнінде және/немесе болашақта «қауіпті заттар», «қауіпті қалдықтар», «қауіпті материалдар», «өте қауіпті қалдықтар», «шектеулі пайдаланылатын қауіпті қалдықтар», «уытты заттар», «уытты ластағыштар», «қауіпті жүктер» ретінде айқындалатын немесе анықтамаға енгізілетін кез келген химикаттар, материалдар немесе заттар немесе Заңдарға сәйкес ұқсас мазмұндағы кез келген басқа да сөздер, немесе                                                                                                                                                                                                                    |



|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| iii   | любые другие химикаты, материалы, вещества или отходы, подверженность воздействию которых на текущий момент или после заключения настоящего Договора Поставки запрещается, ограничивается или регулируется любыми государственными регламентами, или которые могут быть предметом Ответственности, связанной с ущербом, издержками или ликвидацией последствий.                                                                                                                                                    | кез келген басқа химикаттар, материалдар, заттар немесе қалдықтар, олардың әсер етуіне ағымдағы сәтте немесе осы Жеткізу шарты жасалғаннан кейін сатып алуға тыйым салынады, шектеледі немесе кез келген мемлекеттік регламенттермен реттеледі немесе залалмен, шығындармен немесе салдарларды жоюмен байланысты жауапкершілік нысанасы болуы мүмкін.                                                                                                                                             |
| c)    | После получения настоящего Договора Поставки, Поставщик обязан предоставить Уведомление Покупателю в случае, если какие-либо из Товаров подпадают под действие Законов, регулирующих Опасные материалы (включая их утилизацию), или любых других положений в области защиты окружающей среды, техники безопасности, охраны труда и здоровья.                                                                                                                                                                       | Осы Жеткізу шартын алғаннан кейін, егер Тауарлардың кез келгені Қауіпті материалдарды (оларды кәдеге жаратуды қоса алғанда) реттейтін заңдардың немесе қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және денсаулық сақтау саласындағы кез келген басқа ережелердің ықпалына ұшырайтын болса, Жеткізуші Сатып алушыға хабарлама беруге міндетті.                                                                                                                                  |
| d)    | Относительно Опасных материалов Поставщик обязан предоставить все соответствующие паспорта безопасности химической продукции/вещества (MSDS), включая сертификаты отгрузки, инструкции по отгрузке, безопасности, обращению с Опасным материалом, воздействию и утилизации, в форме, достаточно ясной для неспециализированного персонала Покупателя и достаточно детальной для определения всех мер, которые пользователи и экспедиторские компании должны предпринять в отношении Опасных материалов.            | Қауіпті материалдарға қатысты Жеткізуші химиялық өнімнің/заттың (MSDS) барлық тиісті қауіпсіздік паспорттарын, соның ішінде жөнелту сертификаттарын, Сатып алушының мамандандырылмаған қызметкерлеріне және пайдаланушылар мен экспедиторлық компанияларға арналған Қауіпті материалдарға қатысты қабылдауы тиіс барлық шараларды анықтау үшін жеткілікті толық үлгіде берілген қауіпті материалды жөнелту, қауіпсіздігі, өңдеу, әсер ету және кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулықтарды беруі тиіс. |
| e)    | В Товарно-транспортной накладной и упаковочном листе должно быть сделано следующее подтверждение: «Настоящим подтверждается, что вышеперечисленные изделия надлежащим образом классифицированы, описаны, упакованы, промаркированы, снабжены ярлыками и находятся в надлежащем состоянии для перевозки в соответствии с любыми применимыми правилами перевозки».                                                                                                                                                   | Тауар-көлік жүкқұжатында және буып-түю парағында мынадай растау жасалуы тиіс: «Осы арқылы жоғарыда аталған бұйымдардың тиісті түрде жіктелгені, сипатталғаны, буып-түгілгені, таңбаланғаны, жапсырмалармен жабықталғаны және кез келген қолданылатын тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау үшін тиісті жағдайда екендігі расталады».                                                                                                                                                           |
| 10.9  | Поставки Частями:<br>Поставщик не должен поставлять товары частями, если это не согласовано с Покупателем. Если согласовано, что Товары будут поставлены частями, то термин Товары в настоящем Договоре Поставки, когда это применимо, применяется к «Поставкам Частями».                                                                                                                                                                                                                                          | Бөліп жеткізу:<br>Егер Сатып алушымен келісілмеген болса, Жеткізуші тауарларды бөліп жеткізбеуі керек. Егер Тауарлар бөліп жеткізілетіні туралы келісілсе, онда осы Жеткізу шартындағы Тауарлар термині, ол қолданылатын жерде «Бөліп жеткізуге» қолданылады.                                                                                                                                                                                                                                     |
| 10.10 | Поставщик обязуется выполнить все требования Покупателя по технике безопасности касательно действий Поставщика в Пункте Поставки.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Жеткізу Сатып алушының Жеткізудің жеткізу пунктіндегі әрекеттеріне қатысты қауіпсіздік техникасы бойынша барлық талаптарын орындауға міндеттенеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 10.11 | Предоставление чертежей, данных, информации и руководств по эксплуатации (если применимо):                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Сызбаларды, деректерді, ақпаратты және пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды ұсыну (егер бар болса):                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| a)    | Поставщик должен предоставить Покупателю все инженерные и другие данные (включая все технические данные), требуемые Договором Поставки для надлежащей(го) эксплуатации/использования, технического обслуживания, монтажа Товаров, в течение срока, указанного в Деталях Заказа, а также должен незамедлительно предоставить Покупателю копию каждого обновления любых ранее предоставленных данных, которые Поставщик предоставляет любому из своих клиентов.                                                      | Жеткізуші Сатып алушыға Тапсырыс деректерінде көрсетілген мерзім ішінде Тауарларды дұрыс пайдалану/қолдану, техникалық қызмет көрсету, монтаждау үшін Жеткізу шартында талап етілетін барлық инженерлік және басқа деректерді (барлық техникалық деректерді қоса алғанда) ұсынуы тиіс, сондай-ақ Сатып алушыға Жеткізуші өз клиенттерінің кез келгеніне ұсынатын бұрын берілген кез келген деректердің әрбір жаңартылған көшірмесін дереу ұсынуы тиіс.                                            |
| b)    | Подробные чертежи и другие документы, указанные в Требованиях к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), предоставляются в соответствии с Приложением- инструкцией 1. Если в Деталях Заказа или Приложениях не указано иное, Согласованная(ые) дата(ы) Доставки VDDR должны совпадать с Согласованными датами Доставки Товаров.                                                                                                                                                                                        | Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарда көрсетілген егжей-тегжейлі сызбалар мен басқа да құжаттар 1-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес ұсынылады. Егер Тапсырыс деректерінде немесе Қосымшаларда басқасы көрсетілмесе, VDDR Жеткізудің келісілген күні (күндері) Тауарларды Жеткізудің келісілген күндеріне сәйкес келуі тиіс.                                                                                                                                                 |
| c)    | Рассмотрение чертежей и других документов и их последующее утверждение Покупателем или Представителем Покупателя не освобождает Поставщика от ответственности за точность габаритных размеров, производительность, дизайн, детали дизайна, соответствие спецификациям и всем другим требованиям Договора Поставки. При любой неточности в данных производителя, которая приведет к тому, что Покупателю понадобится выполнить какие-либо дополнительные работы, стоимость таких работ будет взыскана с Поставщика. | Сатып алушының немесе Сатып алушы өкілінің сызбалар мен басқа құжаттарды қарауы және оларды кейіннен бекітуі Жеткізушінің жалпы өлшемдердің дәлдігі, өнімділігі, дизайны, дизайн бөлшектері, техникалық сипаттамаларға және Жеткізу шартының барлық басқа талаптарына сәйкестігі үшін жауапкершіліктен босатпайды. Өндірушінің деректерінде кез-келген дәлсіздік болған жағдайда Сатып алушыға қосымша жұмыстарды орындау қажет болады, мұндай жұмыстардың құны Жеткізушіден өтеліп алынады.      |

## 11 ПРАВО СОБСТВЕННОСТИ И РИСК СЛУЧАЙНОЙ ГИБЕЛИ ИЛИ СЛУЧАЙНОГО ПОВРЕЖДЕНИЯ ТОВАРОВ / МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТАУАРДЫ КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫП АЛУ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАП АЛУ ТӘУЕКЕЛІ

|      |                                                                                                                    |                                                                                                              |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 11.1 | Передача права собственности от Поставщика Покупателю на все Товары наступает на наиболее раннюю из следующих дат: | Барлық тауарларға меншік құқығын Жеткізушіден Сатып алушыға беру келесі күндердің алғашқы күнінен басталады: |
| a)   | Передача владения; или                                                                                             | Иелену құқығын беру; немесе                                                                                  |





|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| b)   | оплата Суммы (за вычетом удержания, разрешенного в соответствии со Статьями 6, 8 и 13.2), при том что Передача владения означает только физическое владение Товарами.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Соманы төлеу (6, 8 және 13.2-баптарға сәйкес рұқсат етілген ұстап қалуды шегергенде), бұл ретте Иелену құқығын беру Тауарларды тек жеке иеленуді білдіреді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 11.2 | Настоящая Статья так же применима к Поставкам Частями и /или частичной оплате Суммы за часть Товаров.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Осы Бап сонымен бірге Бөліп жеткізуге және/ немесе Тауардың бірбөлігі үшін Соманы ішінара төлеуге де қолданылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 11.3 | Поставщик обязан незамедлительно возместить за свой счет любые убытки или ущерб, каким бы образом они ни были причинены Товарам, до того, как риск случайной гибели или случайного повреждения перейдет к Покупателю в соответствии с Условиями Поставки. Риск случайной гибели или случайного повреждения по каждой позиции Поставки переходит к Покупателю в дату Передачи Владения. До момента перехода риска случайной гибели или риска случайного повреждения Товаров от Поставщика к Покупателю, Поставщик обязан за свой счет застраховать Товары на стоимость их полного восстановления и по требованию Покупателя предоставить ему соответствующий действующий страховой полис. | Жеткізуші кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізу талаптарына сәйкес Сатып алушыға өткенге дейін Тауарларға қандай да бір жолмен келтірілген кез келген залалды немесе зақымдануды дереу өз есебінен өтеуге міндетті. Әрбір Жеткізу позициясы бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға Меншік құқығын берген күні өтеді. Тауарлардың кездейсоқ жойылу қаупі немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Жеткізушіден Сатып алушыға ауысқанға дейін Жеткізуші өз есебінен тауарларды толық қалпына келтіру құнына сақтандыруға және Сатып алушының талабы бойынша оған тиісті қолданыстағы сақтандыру полисін беруге міндетті. |
| 11.4 | Если Поставщик устраняет дефекты в Товарах на Рабочей Площадке или увозит их с Рабочей Площадки для устранения дефектов, то риск случайной гибели или риска случайного повреждения по таким Товарам переходит к Поставщику, когда начинается работа по устранению дефектов или физическое владение Товарами переходит Поставщику, в зависимости от того, что происходит раньше, до тех пор, пока устранение дефектов на Рабочей Площадке не будет завершено или Товары не будут возвращены и безопасно переустановлены, в зависимости от применимости, после чего риск случайной гибели или риска случайного повреждения снова перейдет к Покупателю.                                    | Егер Жеткізуші Тауарлардағы ақауларды Жұмыс алаңында жойса немесе ақауларды жою үшін оларды Жұмыс алаңынан алып кететін болса, онда мұндай Тауарлар бойынша кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі ақауларды жою бойынша жұмыс басталған кезде Жеткізушіге өтеді немесе Жұмыс алаңындағы ақауларды жою аяқталғанға дейін немесе Тауарлар қайтарылып, қауіпсіз қайта орнатылғанға дейін Тауарларға физикалық нелік ету Жеткізушіге өтеді, содан кейін олардың қолданылатынына байланысты кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі Сатып алушыға қайта өтетін болады.                                                                             |

## 12 ПРИЕМКА ПОСТАВКИ / ЖЕТКІЗУДІ ҚАБЫЛДАУ

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 12.1 | Выдача Покупателем или его перевозчиком Сертификата Получения Груза Экспедитором (СПГЭ) или подписание Покупателем Акта доставки Товаров (Передача владения) подтверждает только передачу владения определенным количеством отправленных грузов и доставку/получение Товара в Пункте Поставки и не служит подтверждением того, что Поставка была осуществлена в полном соответствии с Договором Поставки.                                                                                                                                                                                                                            | Сатып алушының немесе оның тасымалдаушысының Экспедитордың жүкті алу сертификатын (ЭЖАС) беруі немесе Сатып алушының Тауарларды жеткізу актісіне қол қоюы (Иеленуді табыстау) жөнелтілген жүктердің белгілі бір санына нелік етуді және Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізуді/алуды ғана растайды және Жеткізілімнің Жеткізу шартына сәйкес толық жүзеге асырылғанын растамайды.                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 12.2 | Приемка Товара по количеству составляет 14 (четырнадцать) календарных дней с даты поставки Товара в Пункт Поставки, в течение которого Покупатель должен отправить Поставщику подтверждение или отчет об излишках/нехватке Товара (Акт несоответствия). Датой приемки Товара считается дата прибытия Товара, указанная в товарной накладной, заверенной печатью склада Покупателя.                                                                                                                                                                                                                                                   | Саны бойынша Тауарды қабылдау Тауарды Жеткізу пунктінде жеткізген күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күнді құрайды, сол уақыт ішінде Сатып алушы Жеткізушіге Тауардың артық шығуы/жетпей қалуы туралы растауды немесе есепті (Сәйкессіздік актісін) жіберуге тиіс. Сатып алушының қоймасының мөрімен расталған тауар жүкқұжатында көрсетілген Тауардың келген күні Тауарды қабылдау күні болып есептеледі.                                                                                                                                                                                                                       |
